

Целиноград ауданы бойынша 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі № А-2/149 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 сәуірде № 5316 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Целиноград ауданы бойынша 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Целиноград ауданы әкімінің орынбасары А.К.Айткужиноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап шығып қалған құқықтық қатынастарға таралсын.

4. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Тәткеев

Целиноград ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "05" 04
№ А-2/149 қаулысымен
бекітілген

Целиноград ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 12.12.2016 № А-2/468 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

	Мектепке дейінгі тәрбие мен	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына
--	-----------------------------	---

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		паққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	Балабақша	2196	4223	23869,7	23869,7
2	Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық	378	0	8896,1	0

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі ұйымдардағы бір айға ата-ананың төлем мөлшері (теңге)	
мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
23869,7	23869,7	11000	16000
8896,1	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК